

Алматы қаласында орта класты автобустар шығаратын бірлескен кәсіпорын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 7 желтоқсан 1992 ж. N 1025

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ мемлекеттік "Қазавтокөлік" автокөлік концерні мен Ресей Федерациясындағы Павловск автобус зауытының Алматы қаласында N 2 Алматы автожөндеу бірлестігі негізінде жылдық бағдарламасы ПАЗ 3205 модельді орта класты 1000 автобус шығаратын бірлескен кәсіпорын құру туралы инициативасы мақұлданын

2. "Қазавтокөліктехника" ғылыми-өндірістік бірлестігіне автомобиль жасауға қатысты ғылыми, тәжірибелік-конструкторлық және жобалау жұмыстарын жүргізу жүктелсін.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, Қазақ мемлекеттік "Қазавтокөлік" автокөлік концерні осы аталған жұмыстарды жүргізу үшін "Қазавтокөліктехника" ғылыми-өндірістік бірлестігіне қаржы бөлуді көздерсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қаржы министрлігі мен республикалық "Қазконтракт" контракттылық корпорациясы 1993 жылы Қазақ мемлекеттік "Қазавтокөлік" автокөлік концерніне автомобиль жасауды дамыту

үшін қажетті ақша қаражаты мен материалдық ресурстар бөлуді көздейтін болсын.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қарағанды қаласында орта класты автобустар шығаратын бірлескен кәсіпорын құру туралы" 1992 жылғы 20 қазандағы N 884 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК